



**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
мәдениетті қалыптастырудағы
балалардың рөлі**

- 
- Бүгінгі күні бүкіл әлемді қамтыған жаһандық қауіп-қатерлердің бірі бұл – сыбайлас жемқорлық, ол қалыпты даму мүмкіндігін берместен қоғамға іріткі салатын зиян құбылыс. Сыбайлас жемқорлықты жою үшін онымен бірлесіп күресу керек. Бұл үшін қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қажет.
«Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын» жүзеге асыру арқылы, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бойынша» Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі мен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл білім берудің барлық деңгейлеріне енгізілген.
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды бірнеше кезеңге бөлуге болады.




Бірінші кезең (6 жасқа дейін) – бала отбасында тәрбиеленіп жатқанда, сондай-ақ, балабақшада жүргенде айналасындағы әлем туралы танып біледі. Осы кезеңде рухани және моральдық-адамгершілік құндылықтар қалыптасып, қоғамдағы мінез-құлық нормалары анықталады.

Екінші кезең (7-ден 18 жасқа дейін), бұл мерзім адамгершілік мәдениет, сондай-ақ, абырой, ұят, абырой, мейірімділік, адалдық, әділеттілік сияқты қасиеттер қалыптасатын төменгі, орта және жоғары мектеп жасын қамтиды. Бұл кезеңде сыбайлас жемқорлық пен оның зияны, құқықтық сана мен жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы идеологиялық сипаттаулар мен ұғымдарды қалыптастыру, заңды құндылықтарды, наным-сенімдерді, заңдылықты дамыту өмірлік жағдайларды шешуде тәжірибе алу дағдыларын дамыту қажет.

- Үшінші кезең (студенттік шақ). Осы кезеңде қазақстандық патриотизмді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді өмірлік көзқарас қалыптасады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, жеке тұлғаның құрылуының барлық кезеңдерінде жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы отбасының рөлі маңызды екендігін атап өту қажет.

Отбасында жас ұрпақты тәрбиелеуге көп көңіл бөлінуі керек, өйткені, бұл оның сана-сезімінің қалыптасуына, құқықтық, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетіне әсер етеді.



- 
- Ата-ананың басты міндеті – өз балаларын қоғамға пайдалы етіп өткеннің дәстүрлеріне құрмет көрсету рухында тәрбиелеу. Отбасында адал еңбек адамгершілік негізі ретінде үстем болуы керек, ал содан кейін ғана біз тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірінші қорғанысты қоямыз.
 - Ата-ана баланы тек қана кәмелеттік жасқа дейін материалдық тұрғыдан ғана қамтамасыз етіп қоймай, рухани құндылықтарды санасына сіңіріп тәрбиелеуі тиіс. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және жас ұрпақты рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу – отбасының негізгі жауапкершілігі.

Көптеген ғалымдардың айтуынша, бала ата-анасының айнадағы бейнесі іспеттес, сондықтан ата-ана баласына мысал болуы тиіс. Отбасындағы қарым-қатынас неғұрлым жоғары және таза болса, соғұрлым ол бала тәрбиесіне әсер етеді, яғни, тұлғаны физикалық, моральдық тәрбиелеудің және еңбекке баулудың нәтижесі жоғары болады.